

## Қазақстан Республикасына иондаушы сәулеленудің ампулалық көздерін әкелуге рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 13 маусым N 883

"Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ортаазиялық мұнай сервистік компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (Ақтөбе облысы, Қазақстан Республикасы) Техника және әзірлеу жөніндегі қытай мұнай корпорациясының бөлігі болып табылатын Қытай ұлттық каротаждық корпорациясымен жасалған 2000 жылғы 15 қаңтардағы N СРТДСООЕХ80031 шартқа сәйкес Қазақстан Республикасына Қытай Халық Республикасынан қосымшада көрсетілген жалпы құны 51000 АҚШ доллары болатын иондаушы сәулеленудің 9 ампулалық көзін (СЭҚ ТН коды 2844) әкелуге рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі " Ортаазиялық мұнай сервис компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне осы қаулыға қосымшада көрсетілген иондаушы сәулеленудің ампулалық көздерін импорттауға лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитеті Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасында белгіленген тәртіппен, әкелінетін өнімді кедендік бақылауды және кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 13 маусымдағы  
N 883 қаулысына қосымша

Иондаушы сәулелену көздерінің  
Тізбесі

---

Р/с! Көздің атауы ! Өлшем ! Бірліктің ! Бірліктердің ! Сомасы (АҚШ  
N ! !бірлігі!белсенділігі! жылға шаққан.! долларымен)  
! ! ! ! дағы саны !  
! ! ! ! ! !

---

1	АМ-241 Ве Америций -241 берилийлі	дана	18 Ки	1	22000
2	АМ-241 Ве Америций -241 берилийлі	дана	0,4 Ки	1	8000
3	Cs-137 Цезий -137	дана	2 Ки	1	11000
4	Cs-137 Цезий -137	дана	540 мкКи	1	4000
5	АМ-2441 Ве Америций -241 берилийлі	дана	0,075 Ки	1	1000
6	АМ-241 Ве Америций -241	дана	500 мкКи	1	1000
7	Cs-137 Цезий -137	дана	10 мкКи	1	1000
8	Th-228 Торий -228	дана	10 мкКи	1	1000
9	Ra-226 Радий -226	дана	2,5 мкКи	1	2000
	Барлығы			9	51000

Оқығандар:  
Қасымбеков Б.А.  
Орынбекова Д.Қ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК